

Қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған тұлғалар, сондай-ақ бас бостандығын айыру орындарынан босатылған тұлғалар және интернаттық ұйымдардың көмелетке толмаған түлектері үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев атындағы аудандық әкімдігінің 2012 жылғы 12 қарашадағы N 494 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 11 желтоқсанда N 1989 болып тіркелді. Күші жойылды Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының әкімдігінің 2013 жылғы 15 сәуірде N 120 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының әкімдігінің 2013.04.15 N 120 Қаулысымен

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31–бабы 1–тармағы 14) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңының 7–бабы 5–5) және 5–6) тармақшаларына сәйкес, қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған тұлғаларды, сондай-ақ бас бостандығын айыру орындарынан босатылған тұлғалар және интернаттық ұйымдардың көмелетке толмаған түлектерін жұмыспен қамтамасыз ету және әлеуметтік қорғау мақсатында Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған тұлғалар, сондай-ақ бас бостандығын айыру орындарынан босатылған тұлғалар және интернаттық ұйымдардың көмелетке толмаған түлектері үшін аудан бойынша жұмыс орындары жалпы санының бір пайызы мөлшерінде жұмыс орындарына квота белгіленсін.

2. «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған тұлғаларды, сондай-ақ бас бостандығын айыру орындарынан босатылған тұлғаларды және интернаттық ұйымдардың көмелетке толмаған түлектерін жұмысқа жіберуді қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімінің орынбасары Е.Ж. Бәкіровке жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысы
Мағжан Жұмабаев ауданының әкімі В. Бубенко

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК